

**Борантаева Ф.Ж.<sup>1</sup>, Байсултанова К.Ч.<sup>2</sup>**

докторант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: farizka\_b@mail.ru.

<sup>2</sup>с.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: baisultan\_k@mail.ru

**ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ «ЖҰМСАҚ КҮШ» СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

XX ғасырдың аяғындағы әлемдік өзгерістер халықаралық қатынастардың негізгі тұжырымдамаларының өзгеруіне әкелді. Мақалада авторлар жаңа теориялардың бірі – «жұмсақ күш» концепциясы жайында сөз қозғайды. Авторлар қалыптасқан «күш» ұғымына жаңашыл көзқарастың мәні – өзге елге өз ықпалын «қатты күш» қолданбай жүргізу, өз елінің ерекшелігінің тартымдылығына еліктіру арқылы әлемдік көшбасшылыққа ұмтылуда жатыр деген ой түйеді. Авторлар «жұмсақ күштің» маңыздылығын мемлекеттік стратегия ретінде қалыптастырып, жемісті жетістіктерге қол жеткізіп отырған Корея Республикасының мысалында көрсетуге тырысады. Бұл мақалада әлемдік аренада мемлекеттің жағымды образын қалыптастырудағы Корей Республикасының стратегиясының теориялық аспектілері талданған.

**Түйін сөздер:** жұмсақ күш, қатты күш, Дж. Най, конфуциандық идея, халықаралық қатынастар, мемлекет имиджі, Оңтүстік Корея.

Borantayeva F.Zh.<sup>1</sup>, Baisultanova K.Sh.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctoral candidate Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: farizka\_b@mail.ru.

<sup>2</sup>candidate of political Sciences, Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: baisultan\_k@mail.ru.

**Theoretical and practical aspects of South Korea's "soft power" strategy.**

Changes in the world arena in the late 20th century led to a change in the theory of international relations. In this article, the authors touched on one of the new theories, as the concept of "soft power". The authors tried to reveal the gist of this concept, which in their opinion consists of excluding the "hard power" of countries towards to other countries, also in using the specialties of the culture of their people and to show its attractiveness on the world stage. The authors show the strategy of "soft power" in the example of South Korea, which with the help of its instruments achieved significant achievements in world politics. Also in this article, reviewed the theoretical foundations of the South Korean strategy "soft power" and its role in forming the positive image of the country at the international level.

**Key words:** soft power, hard power, J.Nye, Confucian idea, international attitude, image of the country, South Korea.

Борантаева Ф.Ж.<sup>1</sup>, Байсултанова К.Ч.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: farizka\_b@mail.ru.

<sup>2</sup>к.п.н., доцент, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени  
Абылай хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: baisultan\_k@mail.ru.

**Теоретические и практические аспекты стратегии «мягкой силы» Южной Кореи**

Изменения в мировой арене в конце XX века привели к изменению и теории международных отношений. В данной статье авторы затрагивают одну из новых теорий – концепцию «мягкой силы». Авторы пытаются раскрыть суть данной концепции, которая, по их мнению, заключается в

исключении «жесткой силы» государствами по отношению к другим странам, также в использовании особенности культуры своего народа и пропаганды ее привлекательности на мировой арене. Авторы показывают стратегию «мягкой силы» на примере Южной Кореи, которая добивается с помощью ее инструментов значимых достижений в мировой политике. Также в данной статье рассматриваются теоретические основы южнокорейской стратегии «мягкой силы» и ее роль в формировании положительного имиджа государства на международном уровне.

**Ключевые слова:** мягкая сила, твердая сила, Дж. Най, конфуцианская идея, международные отношения, имидж страны, Южная Корея.

## Кіріспе

1980-90 ж. әлемдік өзгерістердің орын алуы халықаралық қатынастар теориясына да белгілі деңгейде өзінің ықпалын тигізді. Халықаралық қатынастар теориясының негізгі мәселелерімен қатар, түрлі аспектілеріне де көзқарастар өзгереді. Қалыптасқан «күш» ұғымын қайта ой елегінен өткізіп, «жұмсақ күш» ұғымы етек жайып, әлемнің қызығушылығын тудырды. Бұл ұғымды 1990 жылы өзінің «Көшбасшылыққа әуестік: америкалық күштің өзгеріп жатқан табиғаты» («Bound to Lead: The Changing Nature of American Power») атты кітабында алғаш рет америкалық ғалым, саясаткер Джозеф Най қолданды. Сол жылдың көктемінде Foreign Policy журналында «Жұмсақ күш» («Soft Power») атты мақаласында: «Әскери державалар күшінің өлшемі дәстүрлі түрде соғыста өлшеніп келді. Алайда бүгін, күш ұғымы әскери күште өзінің акцентін азайтуда... Халықаралық орта үшін география, халық саны мен шикізат маңыздылығы әлсірей түсіп, білім алу, экономикалық өсім технологиялары алдыңғы қатарға шыға бастады», – делінген (Nye, 1990:154). Ол күштің араласуының бес негізгі тенденцияларын анықтап кетеді: экономикалық өзара тәуелділік, трансұлттық акторлар, әлсіз мемлекеттердегі ұлтшылдық, технологиялардың таралуы мен саяси мәселелердің өзгеруі. Жұмсақ күш немесе кооптивті күш ұғымын Дж. Най мемлекеттің өзге мемлекеттердің өзінің қалауы мен қызығушылықтарын құптауға жеткізу қабілеті деп түсіндіреді. Келесі еңбектерінде де жұмсақ күш жайында анықтама беруге тырысты. Концепция авторы «жұмсақ күш – мәжбүрлеусіз, өз еркімен қатысу негізінде қалағаныңа қол жеткізу», – деп түсініктеме берді.

Ғалымдардың қызығушылығын тудырған «жұмсақ күшпен» қатар «қатты күшті» салыстыру арқылы екі ұғымның аражігін анықтау тенденциясы орын алды. Сонымен, «қатты күш» ұғымына әскери интервенция, мәжбүрлеу дипломатиясы, экономикалық санкциялармен қатар, әскери күш пен экономикалық құралдар секіл-

ді материалды ресурсқа сүйенеді (Gallarotti, 2011:29).

Керісінше, жұмсақ күш имидждік еліктіргіштік құралына негізделеді. Қазіргі таңда «жұмсақ күш» термині ғылыми әдебиетте көп қатпарлы мағыналық құрылымнан тұратын концепт ретінде қарастырылады. Осы «жұмсақ күш» концептісін көбінде келесі мағыналарда қарастырады:

Мемлекеттің ішкі және халықаралық саяси мобилді болу қабілеті;

Символдық ресурстардың көмегімен өзге адамдарға әсер ете білу;

Өзгенің өзіңді жақсы көруге мәжбүрлеу;

Өркениетті және гуманитарлы-мәдени әрекеттердің көмегіне сүйене отырып әлемге ықпал ету;

Сыртқы саяси міндеттерді шешетін кешенді құрал (Русакова, 2015:11).

Осылайша, әлем алдында жағымды образ қалыптастыру мен «жұмсақ күш» стратегиясын жүзеге асыру мақсатында көптеген мемлекеттер бірқатар әрекеттерді дамыту үстінде. Әдетте, қарулы, экономикалық немесе әкімшілік қысымды «қатты күш» ұғымы ретінде қарастырып, «жұмсақ күшті» сырттан жүргізіліп, қысым жасаушы күш ретінде қарастырмайды. Ол арнайы өз шарттарына жұмсақ күш бағытталған коммуникациялық әсер ету арқылы реципиент өзінің жеке шешімі ретінде қабылдауға итермелейтін әрекет.

## Негізгі бөлім

«Жұмсақ күш» концептісі халықаралық қатынастардың субъектілерін өзге елдің құндылықтарына қызыға қарау, сол мемлекеттің даму деңгейіне жетуге тырысу арқылы мемлекет құрылымына әсер ету қабілетін айтуымызға болады. Жұмсақ күштің әсеріне ұшыраған мемлекет өзге елдің мәдениетіне қызыға отырып, өз елінің мәдениетін шеттетеді, өзге елдің менталитетін меңгеріп, бойына сіңіреді, сол елді дәріптейді. Ол мемлекет ынтымақтастық процесінде еш қауіп төндірмей, еш сыйсыз, өзінің мәдениетімен, саяси идеалдары мен

бағдарламасымен қызықтыра алғанда туындайды. Жаңа ұғымның қатарына: экономикалық өсімнің еліктіргіш күші, халықтың дәулеттілігі, қоғамдық құрылым мен мемлекеттің даму моделінің келбеті, жағымды сыртқы саяси стратегиясы жатады. «Жұмсақ күш» саясатын нәтижелі қолдана білу мемлекеттің халықаралық бәсекелестік деңгейінің өсу негізі ретінде қарастырылады.

«Жұмсақ күш» концепциясы ұлттық мәдениеттің, тұрмыстық салттың, ұлттық тілдің тартымдылығы негізінде сыртқы әлемге қатысты белсенді саясат жүргізіп, күш көрсетуден бас тартуды білдіреді. Соңғы 30 жыл бойынша АҚШ сыртқы саясатта осындай ұстанымды қолдана отырып, америкалық қоғамдық құрылымы мен өмір сүру салтының тиімділігін әлемге барынша насихаттап, бірталай экономикалық және саяси ұпай жинады. АҚШ-тың саясатындағы осы құрал Қытайдың сыртқы саясатында да анық байқалады және сол арқылы дүниежүзіне танылды. Зерттеушілер мен сарапшылар ҚХР-дың ұстанған бағытын «бейбіт жаулап алу» деп түсіндіреді. Жалпы, «жұмсақ күш» стратегиясы конфуциандық идеяға негізделеді, бұл Қытай билеушілерінің халықты басқаруда қолданылған құралы ретінде тарихтан белгілі. Ежелгі қытай ойшылдарының пікіріне сәйкес, осындай әдіс арқылы халықты бейбіт түрде бағындыруға болады, бұқара ешқандай үстемдікті, билеп-төстеуді сезінбейді. Қытай философы Лао-Цзы «жұмсақ күшті» мемлекетті басқаруда қолданғандарды «халық байқамайтын көсемдер, ең жақсы билеушілер» деп атады. Бұл мәдени билік, «ақылды билеушілер» дегенді білдіреді. Конфуций іліміне сәйкес, билік иесі бұқараны көрінбейтін, байқалмайтын күштер арқылы басқарып, өз мақсатына жетеді. Конфуцийдің мінсіз патша физикалық күшке емес, моральға сүйенуі тиіс және варварларға қатысты төтенше жағдайға келгенде ғана қытай императоры күш қолдануы мүмкін деген қағидалары осы «жұмсақ күш» түсінігіне жақын келеді. Ал, корей халқының дәстүрлі мәдениеті конфуциандық ілімге сүйенеді және ықпалы күшті болды. Бұл орайда тәуелсіздігіне 1945 ж. ғана қолжеткізіп, аз уақыттың ішінде әлемдік өркениетке бейімделініп, жоғары потенциалын көрсеткен Корея Республикасының мемлекеттік деңгейде мән берілетін «жұмсақ күш» стратегиясының нәтижелі тәжірибесін көре аламыз. 1990 ж. аяғында «корей толқыны» атты корей мәдениетін өзге елге дәріптейтін феномен қазіргі таңда әлем елінде үл-

кен сұранысқа ие болып қана қоймай, Оңтүстік Кореяның жағымды образын қалыптастырудың негізгі құралына айналып отыр.

#### **«Жұмсақ күш» концептісі: құрылымдық компоненттері мен негізгі категориялары**

Бүкіл әлем ғалымдарының қызығушылығын тудырған Дж. Найдың «жұмсақ күші» көптеген салмақты зерттеулердің бастамасы бола білді. Танымалдылығы тез тараған «жұмсақ күш» концептісін зерттеуде ғалымдар негізгі үш бағытты ұстанды. Зерттеушілердің бір қатары Дж. Найды қолдап, «жұмсақ күш» стратегиясын белгілі бір мемлекеттің стратегиясы мен оның потенциалына көңіл бөлуге тырысса, келесілері «жұмсақ күштің» маңыздылығын мойындай отырып, аталмыш концептке өзінің көзқарастары мен толықтыруларын енгізу үшін еңбек етуде. Ал, үшінші бағыттағы ғалымдар «жұмсақ күш» концептісіне сын көзбен қарады. «Жұмсақ күш» потенциалына асыра назар аудару қаупін ескерте отырып, «қатты күшпен» салыстырғанда «жұмсақ күштің» шекара, табиғи ресурстар, экономикалық және әскери дәрменсіздігін дәлелдеуге тырысуда. Терминнің авторы өзінің берген анықтамасын келесі еңбектерінде толықтырып отыруға тырысқанымен, сыншылар бұл идеяның логикалық тұрғыда әлсіз тұстарының көп екендігін айтады. Мысалға, Т. Холл «жұмсақ күш» тәжірибе категориясы бойынша мойындалғанымен сараптау категориясына жете алмады деген қарсы пікірін білдіреді.

Ғалымдардың қызығушылығын тудырған «жұмсақ күшпен» қатар «қатты күшті» салыстыру арқылы екі ұғымның аражігін анықтау мақсатында Дж. Най өз еңбектерінің бірінде идеясын графика түрінде көрсетті. Екі күш бір-біріне қарама-қарсы болса да, бір сызықтың бойында орналасып, континуум құрайды, яғни бірін бірі жалғастырып тұр (1-сурет).

Дж. Найдың қатты күш пен жұмсақ күшті бір сызықтың бойында бейнелеуінің мәні түсінікті болар. «Қатты күш» секілді «жұмсақ күш» материалды немесе материалды емес залал келтірмейді. Дегенмен екі күштің түп мақсаты бір екенін ұмытпаған жөн.

Күш қолдану, әсіресе, әскери күшті қолдану белгілі себептерге байланысты шектелуде, мысалы: күш қолдану шиеленістердің күтпеген ушығуына алып келуі мүмкін; соғыстың көнерген әдістерін пайдалану барысында жоғары дәлдіктегі қаруды пайдалану жеңісті қамтамасыз етпейді; соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін зардаптарды реттеу де мәселе тудырады және т.б. Әскери күш қолдану әсер ету арсеналынан түп-

кілікті жойылмаса да, әсер ету саласы әлемдік саясатта елеулі өзгерістерге ұшырады (Лебедева, 2014:102). Дегенмен, үшінші көзқарасты ұстанушылардың қатары аз. Халықаралық қатынаста «қатты күшке» қарағанда «жұмсақ күшке» көбірек

көңіл бөліп, «қатты күштен» бас тарту жолдарын қарастыруға тырысады. Тарих толқынындағы соғыстың зардабы мен оның орны толмас салдарының нәтижесінде болашақ ұрпаққа соғыссыз бейбіт өмірге талпыныс байқалады.

КҮШ		
Әрекет ету спектрі	Қатты	Жұмсақ
		<p>Мәжбүрлеу</p> <p>Ынталандыру Бұйыру тәсілі</p>
Мүмкіндігі жоғары ресурстар	<p>Күш көрсету</p> <p>Төлемдер мен паралар</p> <p>әдістері, санкциялар</p>	<p>Институттар</p> <p>Құндылықтар, мақсат, мәдени ережелер</p>

[Омаш, 2016].

1-сурет – «Жұмсақ күш» пен «қатты күшті» салыстыру

Жаһандану заманында халықаралық қатынастарда мемлекеттің маңызы өз деңгейінен әлсірегенімен негізгі рөлді ойнайды дей отырып, әскери күштің ұлттық қауіпсіздік мәселелері туындаған кезде пайдасы тиетіндігін келесі сөздерінен байқауға болады: «Әкс-қорғаныс министрі ретінде әскери күштің маңыздылығын жоққа шығара алмаймын. Әскери күш – біздің лаңкестікке қарсы күресіміз болып табылады» (Минасян, 2017:37). Най қатты күшке жұмсақ күшті тудырушы идея ретінде қарайды. Кейінірек «қатты күш пен жұмсақ күшті» толықтыратын «ақылды күш» (smart power) концепциясымен таныстырды. Жаңа идеясына қатты және жұмсақ күштерді тоғыстыра отырып, қажетті стратегияны қолдану қабілеті деген анықтама береді.

«Жұмсақ күштің» негізгі компоненттерінің бес категориясын ұсынуға тырысады:

*үкімет* (government) – мемлекетті басқару үлгісінің тартымдылығы;

*мәдениет* (culture) – мәдени жетістіктер, тілінің таралуы, мемлекеттің мәдени өнімінің халықаралық деңгейді қамтылуы;

*дипломатия* (diplomacy) – халықаралық аудиторияға арналған жағымды ұлттық нарратив құру қабілеті;

*білім беру* (education) – жоғарғы білім беру жүйесінің тартымдылығы, академиялық ұтқырлық;

*бизнес/инновация* (business/innovation) – инновацияға қабілеттілік пен ашықтық тұрғыда

мемлекеттің экономикалық тартымдылығы.

Дж. Най білім беруді мәдениеттің құрамына кіргізуге де болатынын айтқанымен, білім беру жүйесінің тартымдылығы факторы мен оның «жұмсақ күш» стратегиясының ықпал етуші маңызды ресурс ретіндегі орнын ескерген эксперттер қатарының пікірімен санаспақ болмады (Русакова, 2015:47).

Жоғарыдағы моделге сәйкес, түрлі халықаралық және ұлттық ұйымдардың беретін есептерінен «soft power»-нің рейтингін құрады. Белгілі параметрлерге негізделіп «жұмсақ күштің» халықаралық рейтингі құрылады. Оның әр бес категориясы бойынша 2012 жылғы халықаралық рейтингін келесі кестеден көре аламыз.

Бұл орайда, мемлекеттік акторлардың барлығының мақсаттары – күш, әлемдік аренадағы күші мен ықпалы өзгеріссіз қалғанымен, әлемдік үстемдік үшін күресте күш мөлшерін есептеудің жаңа стандарттары қалыптасуда. Жаһандану үрдісі жүзеге асуымен қатар, мемлекеттік актордың күші әскери күш, ядролық қарумен ғана бағаланудан қарағанда мемлекеттің экономикалық жетістігі, идеологиялық сенімділігі мен мәдени тартымдылығы арқасында өзіне еліктіруге бағытталған бүгінгі таңдағы негізгі күрес әр мемлекеттің өзіндік жағымды образын қалыптастырумен бәсекелескен ақпараттық кеңістікте жүзеге асырылуда. Демек, «жұмсақ күштің» маңыздылығының шарықтап тұрған



шағында әрбір мемлекет осыған көбірек көңіл беруді талап етуде. Алайда, адамзаттың негізгі бөлігі «жұмсақ күштің» нысаны болып отыр. Сонымен қатар, әлемде экономикалық даму орталығы Еуропадан Қытай, Жапония мен Оңтүстік Корея сияқты Азия мемлекеттеріне өтіп келе жатқан тенденция орын алуда. Жоғарыдағы

«жұмсақ күштің» халықаралық рейтингіндегі назар аудартатын мемлекеттің бірі – Корея Республикасы. Жапон колониясында болып, Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін түбек екі мемлекетке бөлінді. Оңтүстік Кореяның аграрлы мемлекет қатарынан алғашқы ондық деңгейіне жетуі үлкен қызығушылық тудырады.

1-кесте – халықаралық рейтингтегі топ 10 мемлекет (2012 жыл)

Rank	Government	Culture	Diplomacy	Education	Business/Innovation
	Норвегия	АҚШ	Франция	АҚШ	Финляндия
	Швейцария	Ұлыбритания	Ұлыбритания	Ұлыбритания	Швейцария
	Швеция	Франция	Германия	Австралия	Сингапур
	Дания	Австралия	АҚШ	Германия	Швеция
	Нидерланд	Германия	Швеция	Қытай	Дания
	Финляндия	Қытай	Нидерланд	Жапония	Нидерланд
	Жаңа Зеландия	Италия	Норвегия	Франция	Жапония
	Канада	Канада	Италия	Канада	Германия
	Австралия	Испания	Бельгия	Корея	Норвегия
	Австрия	Корея	Канада	Нидерланд	Ұлыбритания

Корей Республикасының «жұмсақ күш» стратегиясының мәні мен рөлі

Бүгінде корей жұмсақ күш феномені Сингапур, Вьетнам, Жапония мен Қытай елдеріндегі сериалдары мен поп-музыкаларынан бастау алып, әлемдік деңгейде танымалдылығы арта бастады. Оңтүстік Кореяда ақпараттық технологиялармен қатар, мәдени технологиялардың маңыздылығы жайында мәселелер көтерілді. Өнеркәсіп өндірісі мен мәдени индустрияны дамытуға мемлекеттік деңгейде көңіл аударуда. Корея Республикасында мемлекеттік ұйымдар мен бағдарламалардан бөлек, жартылай мемлекеттік ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар, ғаламтор-ресурстары мен диаспора өкілдері секілді «жұмсақ күш» стратегиясының мықты құралы құрылған. 2009 жылы Корея Республикасының беделі мен ұлттық статусын көтеру мақсатында Ұлттық брендинг жөніндегі президенттік комитет құрды. Оның мақсаты – өзге елдерде Оңтүстік Кореяның жағымды образын қалыптастыру (Толорая, 2011:69). Комитет өзге елді өз еліне еліктіруді жүзеге асыруда төрт негізгі қадам жоспарлады:

Бірінші қадам – Заманауи корей музыкасы мен телесериалдарына деген қызығушылық;

Екінші қадам – қызығушылығы туындаған корей музыкасы мен сериалдарына байланысты өнімдерді (концерттеріне билет, корей танымал әншілері мен актерларының постерін) тарату;

Үшінші қадам – корей тауарларына (корей бренді: косметика, техника, киімі, тұрмыстық химиясына) сұранысты арттыру;

Төртінші қадам – біртұтас корей мәдениетін қалау. Осы негізгі қадамдарға жету мақсатында бірнеше маңызды жобаларды жүзеге асыруда:

«Тхэквондо» ұлттық спорт түрін шет елде дамуына жол ашу;

«Дүние жүзіндегі корей достар» жобасы. Дамушы мемлекеттерге гуманитарлық және экономикалық көмек көрсету мақсатында жоспарлы түрде жылына 3000 волонтер азаматтарды әлемге жібереді;

«Корей толқыны» бағдарламасы өзге елдерге корей бұқаралық мәдениетін тарату. Мемлекет шет елдерде корей сериалдарының көрсетіліміне жол ашты. Жыл сайын Сыртқы істер және сауда министрлігі би топтарының

гостролі мен кинофестивальдердің көрмесін ұйымдастырады.

«Корея еліндегі әлемдік шәкіртақы» бағдарламасы. Бұл бағдарлама бойынша Корея Республикасында білім алғысы келетін шет ел студенттеріне бағытталған;

Заманауи технологияларды дамыта отырып, әлемде ең жоғарғы технологиялы мемлекет болу;

Туризм мен мәдениет индустриясын дамыту;

Корей асханасын жаһандандыру бағдарламасы. Басты мақсаты – корей асханасын шет елде қолжетімді етіп, оның денсаулыққа пайдасы жайында әлемге таныстыру. Бұл бағытта әлемнің түкпір-түкпірінде корей асханалары мен мейрамханалары ашылып, түрлі мастер-класстар ұйымдастырылады;

«Әлем азаматы» бағдарламасы. Үкімет корей қоғамында мультикультурализмнің дамуына ықпал етуде. Мәдени орталықтар құрып, өзге елдің мәдениетімен таныстырады. Бұл корей қоғамының шетелдіктерге деген толеранттылық, қонақжайлық секілді құндылықтарды қалыптастыру негізі болады (Кагазбаева, 2014:217).

Жоғарыда айтылған негізгі қадам мен маңызды жоба, бағдарламалары арқылы Корея Республикасы әлемдік аренада өзінің жағымды имиджін қалыптастыруға бет алды. Сонымен, Оңтүстік Корея елінің «жұмсақ күш» стратегиясының негізгі ресурстарына төмендегі бағыттарды жатқызады:

- кино өнері, музыка мен биі;
- корей ұлттық тағамдары;
- сән үлгісі;
- IT технологиялары;
- білім беру бағдарламалары мен түрлі гранттар;
- халықаралық деңгейдегі фестивальдар.

Мысалы, «Хан стилі» – Хан (한-Корея) елінен шығарылатын брендтер, үкімет «Хан стилінің» тек ішкі тұтынымға емес, сыртқы әлемге шығаруды көздеп отыр. Бұл корей жазбасы «хангыль» (한글), корей ұлттық киімі «ханбок» (한복) (заманауи сәндегі кейбір элементтері болса да), корей ұлттық тағамы «хансик» (한식), корей ұлттық үйі (한옥) (бұл жерде жылытылған едендер меңзелген) және «хангук ымак» (한국의음악) корей ұлттық музыкасынан тұрады. «Хан стилін» коммерциялық тұрғыда жарнамалау арқылы елдің сырттан түсетін табыс көлемін бірнеше есеге арттыру көзделіп отыр. Корей телехикаяларын көріп, әнін тыңдап, уақыт өте сол арқылы оңтүстік корей еліне қызығушылығы артып, туризмнің дамуына жол ашты. Оңтүстік

Корея халқының фильмдері мен телехикаялары олардың дәстүрлі мәдениеті мен менталитетін түсінетін қақпаның кілтін айналы. Корей тіліне қызығушылықтары артып келе жатқан шетелдік азаматтардың қатары күн санап толығып келеді. Тіл үйренуге, ғылыми айырбас, ЖОО-да айырбас бағдарламаларымен жұмыс істеуге баратын жандар артты. Білім, ғылым және технология министрлігі мен Мәдениет, спорт және туризм министрлігі шет ел студенттеріне арналған бірқатар грант бойынша оқу бағдарламаларын қолдап отыр. Солардың бірі, Korean Government Scholarship Program (KGSP) бағдарламасымен Корея университеттерінде тегін біліммен қатар, шәкіртақы да ала алады. Корейтану ғылымының дамуына үлкен қаражат бөлінген. Шынында да, корей косметикасы, киім-кешегі, көлігі мен технологияларындағы «Кореяда жасалған» деген жазба халықаралық деңгейде үлкен сұранысқа ие.

Соңғы он жылдың ішінде Оңтүстік Корея медицинасына қызығушылық артып келеді. Пластикалық отадан бастап қатерлі ісік ауруларын емдеуімен танымал Корея Республикасына медициналық туризмнің дамуына жол ашты.

Сонымен қатар, 1988 жылғы Сеул олимпиадасы әлем назарын Оңтүстік Кореяға аударта, 2018 жылы өткен Пенчхандағы қысқы олимпиада ойындары да олимпиада ойындары өткен елдің спорт түрлеріне, спорттық жетістіктеріне қызығушылық тудырып, әлем елдерінің алдында еліктіруші мемлекет образын жемісті қалыптастырып келеді. Алдағы уақытта корей үкіметі Мәдениет, спорт және туризм министрлігі әлемде қызмет атқарып жатқан «Седжон королінің атындағы Институттарды» біріктіруді жоспарлап отыр.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, бүгінде көптеген елдер өзінің мемлекеттік бренді мен отандастары, халықаралық серіктестері және аймақтық көршілерінің алдында жағымды образ қалыптастыру мақсатында «жұмсақ күш» стратегиясын жүзеге асыруға тырысу үстінде екендігіне көз жеткіземіз. Қатты күш ұғымына әдетте, қарулы, экономикалық немесе әкімшілік қысымды жатқызса, жұмсақ күшті сырттан жүргізілетін күш ретінде қарастырмайды. Ол арнайы коммуникациялық әсер ету арқылы өз шарттарына жұмсақ күш бағытталған реципиент өзінің жеке шешімі ретінде қабылдауға итермелеген әрекет. Алайда, «қатты күш» пен «жұмсақ күштің» мақсаты бір,

тек айырмашылығы материалды және материалды емес залал келтірмейді.

«Жұмсақ күш» стратегиясы арқылы мемлекет өзге елді өзінің құндылықтарына қызықтырып, өзінің даму деңгейіне еліктіре алатын қабілетке ие болады. Нәтижесінде, өзінің мәдениетін шеттетіп, өзге менталитет пен құндылықтарды бойына сіңірген мемлекет сол елдің қалағанын орындағанын байқамауы мүмкін. Бұл дегеніміз «жұмсақ күш» стратегиясын қолданған акторынтымақтастық процесіне еш қауіп төндірмей, жағымды сыртқы саяси стратегиямен бәсекелестік деңгейінің жоғары көрсеткішін білдіреді.

Корея Республикасының ұлттық мәдениеті трансформацияланып әлемдік өркениетке аз уақыттың ішінде бейімделіп, жоғары потенциалын көрсетті. Оңтүстік Корея әлемдік аренада мемлекеттің жағымды образын қалыптастыруда «жұмсақ күшті» қолдана отырып, әлемде үстемдікке талпыну мақсатында мемлекет брендингі мен қоғамдық дипломатияны жүйелі түрде дамытып келеді. Бұл феномен Қазақстанды айналып өтпеді. Қазақстан жастарының көп бөлігі корей толқынының әсерінде екенін қоғамда байқауымызға болады. Оңтүстік Корея үкіметінің алға қойған төрт қадамының біздің елде жетістікке жеткендігі айқын көрінеді. Біздің қоғамда корей «жұмсақ күшінің» әсері келесідей көрініс табуда.

Біріншіден, «халлю» (корей толқыны) деп аталатын корей бұқаралық мәдениетінің танымал болып, корей жұлдыздарына деген еліктеу феномені қалыптасты. Елімізде К-поп әншілерінің образы мен музыка туындыларын айнытпай орындау арқылы жастар арасында сұранысқа ие топтар қалыптасты. Көрермендерін жасөспірімдер қатарынан іздеген режиссерлер де корей сериалдарына ұқсатып сериал түсіруге әуестенуде;

Екіншіден, корей тіліне деген қызығушылықтың артуы. Корей тілін үйренуге Қазақстандағы этникалық корейлерден бөлек, қазақтар, орыстар мен т.б. ұлт өкілдерінің үйренуіне деген ниеті жыл санап өсуде;

Үшіншіден, Қазақстан қоғамының алдында жағымды образын қалыптастырып үлгерген Ко-

рея Республикасына барып білім алу қол жетімді болуы. Түрлі гранттар мен университеттердегі айырбас бағдарламалары арқылы, білім алушы студенттер мен зерттеушілер үшін тиімді жағдайлар жасалынған;

Төртіншіден, корей брендінің қоғамдағы сұранысы. Соңғы 5 жылдай елімізде корей елінің косметикасымен қатар, тұрмыстық қажеттіліктерге арналған тауарларға сұраныс артты. Корей дүкендері мен корей асханалары ашыла бастады. Бір сөзбен айтқанда, корей бренді жақсы жолға қойылған;

Оңтүстік Корея еліне Қазақстаннан иммигранттардың ағылуы. Жұмыс істеу жағдайы мен біздің елмен салыстырғандағы жоғары төленетін жалақы жұмыс күшін еліктіруде.

Әрине, екі ел арасындағы жемісті жүргізіліп отырған интеграцияға жоғарыда айтылған Оңтүстік Кореяның жүргізіп отырған «жұмсақ күш» стратегиясының ықпалын сезуге болады. Дегенмен, халықаралық қатынастар аясында, ақпараттық технологиялардың дамып, әлем жаһандану процесінде жүрген кезінде қазір Қазақстан да өз тарапынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алды.

Қазақстан азаматтарына ата-бабаларымыз арқылы қанға сіңген құндылықтарымыз бен мәдениетімізді, тілімізді жаңғырту арқылы өзіміздің мәдениетіміз бен менталитетімізді сақтауға, жастарымызға да сіңіру арқылы ғаламдық үрдістерге қарсы тұра аламыз. «Жұмсақ күш» стратегиясының қоғамға пайдалы тұстары болғанымен, бастапқы мақсаттың өзге екенін түсініп, аражігін ажырата білуіміз керек.

Жалпы, жұмсақ күшті Дж Найдың тұжырымына сәйкес, оны қазіргі уақытта «ақылды күш» ретінде қарап, оның әсер етуші, басқыншылық және басқару әсерлерінің бірігуі деп қарастыру қажет. Болашақта «жұмсақ күштің» мүмкіндіктері мен тетіктері одан әрі күшейе береді. Демек, оның тиімді жақтарымен қатар, жағымсыз тұстарын терең саралаудың және оның ықпалын азайтуға қарсы іс-шараларды қалыптастырудың маңызы зор.

#### Әдебиеттер

- Giulio Gallarotti, *Soft Power: what it is, it's importance, and the conditions for its effective use*. *Journal of Political Power*, #4(1), 2011, p. 29
- Nye J. *Soft Power* // *J.Nye // Foreign Policy*. – 1990. – №80. – P.153-172
- Soft Power: теория, ресурс, дискурс / под ред. О.Ф. Русаковой*. – Екатеринбург: Изд.дом «Дискурс Пи», 2015. – 376 с.
- Кагазбаева Э.М. (2014) Имиджевая политика государства: опыт Южной Кореи / *Корееведение Казахстана*. – №2. – С. 212-221.

Лебедева М.М. Ресурсы влияния в мировой политике // Полис. – 2014. – № 1. – С. 99 – 108

Минасян Н. Концепция «мягкой силы» в контексте международных отношений // 21-й век. – 2017. – № 3(44). – С. 35 – 41.

Омаш С.Б. Орталық Азияға қатысты «жұмсақ күш» саясаты: АҚШ дипломатиясы//<http://repository.enu.kz:8080/handle/data/13168>

Толорая Н. (2011) «Мягкая сила» Кореи и Россия: попытка сравнения, уроки и выводы. – Сеул.

Чихарев И.А., Столетов О.В. (2013) К вопросу о соотношении стратегий «мягкой силы» и «разумной силы» в мировой политике // Вестн. Моск. Ун-та. Сер12. Политические науки. – №5. – С. 26-43.

#### References

Giulio Gallarotti, Soft Power: what it is, it's importance, and the conditions for its effective use. Journal of Political Power, #4(1), 2011, p. 29

Nye J. Soft Power/J.Nye //Foreign Policy. – 1990. – №80. – P.153-172

Soft Power: teoriya, resursy, diskurs/pod red. O.F. Rusakovoi. – Yekaterinburg: Izd.dom «Diskurs Pi», 2015. – p.376.

Kagazbayeva A.M. Imidjevaya politika gosudarstva: opyt Yujnoi Korei/ Korievedeniye Kazakhstana. 2014. №2. p. 212-221

Lebedeva M.M. Resursy vliyanya v mirovoi politike/Polis. 2014. № 1. P. 99 – 108

Minasyan N. Konceptsiya «myagkoi sily» v kontekste mejdunarodnyh otnoshenii/XXI vek. 2017. № 3(44). P. 35 – 41

Omash S.B. Ortalyk azyiaga katysty «jumsak kush» sayasaty: AKSh diplomatiyas//<http://repository.enu.kz:8080/handle/data/13168>

Toloraya N. «Myagkaya sila» Korei i Rossii: popytka sravneniya, uroki i vyvody. – Seoul. 2011

Chiharev I.A., Stoletov O.V. K voprosu o sootnoshenii strategii «myagkoi sily» i «razumnoi sily» v mirovoi politike// Vest. Mosk.Un-ta. Ser12. Politicheskiiye nauki.2013. №5. P. 26-43